

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 789 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 маусым N 646.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 789 P010789_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 21, 267-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережеде:

2-тармақта:

бірінші абзацта:

"қалалық, қалалардағы аудандық, аудандық" деген сөздер "(республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен ауыстырылсын, "-әкімиаттар" деген сөз алынып тасталсын;

екінші және үшінші абзацтар алынып тасталсын;

3-тармақта "атқарушы" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші абзацта ", Астана және Алматы қалаларының, аудан бөлінісіндегі қалалық" деген сөздер алынып тасталсын;

1) тармақшада ", қалалық, қалалардағы аудандық" деген сөздер "(облыстық маңызы бар қалалардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшада "қаулыларында" деген сөзден кейін "және ұсыныстарында" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың бірінші абзацында "Қалалық, аудандық және кенттік комиссиялардың" деген сөздер "Республикалық маңызы бар қаланың (астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жанындағы комиссиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қалалық, аудандық және кенттік комиссиялардың қолданатын шаралары" деген 3-бөлімнің тақырыбында "Қалалық, аудандық және кенттік комиссиялардың" деген сөздер "Республикалық маңызы бар қаланың (астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жанындағы комиссиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың төртінші абзацында "не асырап алу (қыз бала асырап алу) туралы шартты бұзу туралы" деген сөздер ", баланы тәрбиелеуге беру туралы шарттың бұзылуы туралы не асырап алуды (қыз бала асырап алуды) сот тәртібімен жою туралы"

деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтың бірінші абзацында "аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссия" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың (астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жанындағы комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтың он бірінші абзацындағы "15" деген сан "16" деген санмен ауыстырылсын;

16-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне хабарланғаннан кейін комиссия отырысына дәлелді себептерсіз келмеген ретте:

қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған, он төрт жасқа шыққан кәмелетке толмағандар; әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, он алты жасқа шыққан кәмелетке толмағандар мәжбүрлеп жеткізіледі.

Кәмелетке толмағандар қоғамға қауіпті іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылық туындайтын жасқа жетпеген жағдайда мәжбүрлеп жеткізілуге олардың заңды өкілдері тартылады.";

18-тармақта:

төртінші абзацта "9" деген сан "10" деген санмен ауыстырылсын;
бесінші абзацта "10 және 11" деген сандар "11 және 12" деген сандармен ауыстырылсын;

22-тармақта:

екінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар "қаулы", қаулының", "қаулысы", "қаулысына" деген сөздерден кейін тиісінше "немесе ұсыным", "немесе ұсынымның", "немесе ұсынымы", "немесе ұсынымына" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "сотқа" деген сөзден кейін "немесе жоғары тұрған комиссияға" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК